

А.Б. Альчимбаева* , **К.А. Есенова** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: Aigul.bakitzhan@mail.ru

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК» ПӘНІ БОЙЫНША ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ»

Бұл мақалада авторлар педагогикалық шеберліктің мазмұнын, оның элементтерін ашады. Авторлар қазіргі заманғы технологиялар, оқыту және тәрбиелеу әдістері негізінде болашақ мұғалімдер арасында педагогикалық шеберлікті қалыптастыруға ерекше назар аударады, педагогикалық іс-әрекеттің идеалы және педагогикалық жұмыстың тиімділігін бағалауды қамтитын стандарт ретінде қарастыруға болады.

Педагогтердің жеке адами және кәсіби қасиеттерінің жиынтығымен көрінетін педагогикалық шеберлігі, оның жұмысына деген сүйіспеншілік – болашақ маманның даралығын қалыптастыру шарттары болып табылады. Педагогикалық шеберліктің құрамдас бөліктері жеке іс-қимыл тәсілін, мұғалімнің жеке басының негізгі құрылымдарын қалыптастыруды, сондай-ақ педагогикалық ықпал ету әдістерін ескере отырып қарастырылады.

Білім беруде заманауи саясатты жүзеге асыру жоғары кәсібилікке, шығармашылық әлеуетке ие, қоғамда жетекші зияткерлік ұстанымдарға ие педагогсіз мүмкін емес. Қазіргі заманғы педагог білім беру мазмұнының зияткерлік мәнімен, оқыту әдістемесінің жоғары деңгейімен жұмыс жасай отырып, университетті жаңарту мен дамытуға қатысу дәрежесін ойлайды.

Педагогикалық қызмет ұрпақтардың әлеуметтік сабақтастығын жүзеге асыруға, жастарды әлеуметтік байланыстар жүйесіне қосуға ықпал етеді, әлеуметтік тәжірибені игеруде адамның табиғи мүмкіндіктерін жүзеге асыруға көмектеседі

Түйін сөздер: педагогикалық шеберлік, педагогикалық техника, педагогикалық құзыреттілік, оқытудың жетістігі, бағалау мен өлшемдердің инструментариі, нано-технологиялар.

A.B. Alchymbayeva*, K.A. Esenova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: Aigul.bakitzhan@mail.ru

Methods of Teaching and Evaluation of Learning Outcomes in the Discipline «Pedagogical skills»

In this article, the authors reveal the content of pedagogical skill, its elements. The authors pay special attention to the formation of pedagogical skills among future teachers based on modern technologies, methods of teaching, and upbringing, which can be considered an ideal of pedagogical activity that encourages teachers to self-improvement and a standard that includes an assessment of the effectiveness of pedagogical work.

Pedagogical excellence implies such professional qualities that take into account and recognize the individuality, uniqueness of the student's personality, allow him to build the process of education and upbringing in such a way as to provide students with the maximum favorable conditions for revealing their creative potential, creativity and the best characterological features of the individual.

Pedagogical skills of teachers, expressed in a combination of individual human and professional qualities, love for their work – conditions for the formation of the personality of a future specialist. The components of pedagogical skills are considered considering the individual approach of action, the formation of the main structures of the teacher's personality, and methods of pedagogical influence.

Implementing current education policies is impossible without a teacher with high professionalism, creative potential, and leading academic positions in society. A modern teacher, working with the intellectual saturation of the content of Education, a high level of teaching methods, strives to know, love, and help university students to create themselves, thinks about the degree of participation in the modernization and development of the University.

The pedagogical activity contributes to the implementation of social continuity of generations, including young people in the system of social contacts. It helps to realize the natural capabilities of a person in mastering social experience.

Key words: Pedagogical skills, pedagogical techniques, pedagogical competence, learning achievements, tools for assessment and measurement, nanotechnology.

А.Б. Альчимбаева*, К.А. Есенова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: Aigul.bakitzhan@mail.ru

Методы преподавания и оценки результатов обучения по дисциплине «Педагогическое мастерство»

В статье авторы раскрывают содержание педагогического мастерства, его структуру и элементы. Особое внимание уделяется формированию педагогического мастерства будущих педагогов на основе современных технологий, методов обучения и воспитания. Для студентов важно рассматривать образы мастеров как идеалов педагогической деятельности, побуждающих педагогов к самосовершенствованию, а также эталоны оценки эффективности педагогической работы.

Педагогическое мастерство педагогов, проявляющееся в совокупности личностных и профессиональных качеств, любви к своему делу, является условием формирования индивидуальности будущего специалиста. Компоненты педагогического мастерства рассматриваются с учетом индивидуальных особенностей и способов творческой деятельности, формирования основных структур личности учителя, а также методов педагогического воздействия.

В эмпирической части исследования изложены результаты опроса студентов – будущих педагогов по обучению педагогическому мастерству. В опросе участвовало 45 студентов Казахского национального университета им. аль-Фараби, педагогических специальностей. В методику обучения включены просмотр фрагментов видео с оценкой студентами компонентов педагогического мастерства учителей, развитие педагогического артистизма и творческих способностей студентов, критериальное оценивание изучения дисциплины. Авторами предложены критерии и показатели сформированности начал педагогического мастерства студентов.

Ключевые слова: педагогическое мастерство, педагогическая техника, педагогическая компетентность, успешность обучения, инструментарий оценок и критериев, нано-технологии.

«Өнер мен шеберлік- педагогты жүректілік пен ақылдылыққа байланыстыратын қабілет»

В. Сухомлинский

Кіріспе

Заманауи білім беру саясатын жүзеге асыру жоғары кәсіби шеберлігі, шығармашылық әлеуеті және қоғамдағы жетекші интеллектуалды позициясы бар мұғалімсіз мүмкін емес. Заманауи мұғалім білім мазмұнының интеллектуалды байлығымен, оқыту әдістерінің жоғары деңгейімен жұмыс істей отырып, білім алушыны оқуды терең игеруге, жаңа озық технологияларды меңгеруге және өзін-өзі дамытуға бағытталған жобаларды, бағдарламаларды ойластырады.

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 тамызындағы №645 қаулысымен қабылданған Заңында («Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңы, 2019) бүгінгі күнгі педагогтің кәсіби қызметін тиімді ұйымдастыруға және адал еңбегі мен өзінің міндеттерін үлгілі орындағаны үшін педагогке қолдау

жүйесі көрсетіледі. Мәселен, Заңның 9- бабында көрсетілген «Үздік педагог», «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына жетуде оқытушының еңбегі, кәсіби білгірлігі және оқыту мен тәрбие процесін жүзеге асыруда тиімді әдістемелік қоры болуы шарт екенін аңғаруға болады. (Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңы, 2019) [1]. Осындай келелі істі атқарып, зор жетістікке қол жеткізу үшін кез келген мұғалім педагогикалық шеберлігін жетілдірап, әдістемелік қорын нығайта түсуі қажет.

Бүгінгі күні жоғары мектеп білім беру жүйесінде ұсынылған білім беру бағдарламаларын сәтті жүзеге асыру үшін өзгерістер, толықтырулар енгізілуде. Олар оқу нәтижелерін белгілеуде көрініс табады. Бүгінгі таңда білім беру сапасын қамтамасыз ету шеңберінде оқытудың нәтижелерін бағалау құралдарын қарастыру, оқу жетістіктерін болжамдау, тапсырмалар кешенін құрылымдау және оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін әзірлеу, басты қажеттілікке айналуда.

Бұл мәселе соңғы жылдары отандық және шетел ғалымдарының назарынан тыс қалған

емес. Барлық білім беру ұйымдарында білім мен дағдыларды игеру, нәтижеге бағытталған кәсіби қызметтің тәжірибелік дағдыларын жинақтау мәселелері айқын болып табылады.

«Педагогикалық шеберлік» пәні жалпы педагогикалық циклдегі мамандықтардың оқу бағдарламаларының негізгі құралы болары сөзсіз. Себебі, ұстаздық қызметте қажетті негізгі іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру қажеттілігін айқындаймыз. Олардың қатарына мақсаттылық, жобалаушылық, зерттеушілік, құрастырушылық, танымдық, қарым-қатынас, реттеушілік, ұйымдастырушылық, бақылау-бағалау және болжау сынды аса қажетті біліктілікті және шеберлікті сипаттау үрдісі болуы шарт.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері

Болашақ педагог мамандардың кәсіби қызметіндегі қажетті педагогикалық шеберлікті игеру қажеттілігін, жалпы құрылымдық мәнін ашу. Бүгінгі күні педагог маманы өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнін терең меңгерген, ғылым мен өнердің тиісті салаларынан хабардар, жалпы, әсіресе оқушылардың психологиясының мәселелеріне қанық, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік игерген маман болуы шарт. Қойылған талаптарға сай болашақ мамандарды даярлаудағы бағытталған тиімді әдістемелік қор ұсыну.

Зерттеудің мақсаты. Педагогикалық шеберлік пәнінің жалпы құрылымдық сипатына тоқталу және тәжірибелік амалдар негізінде пән бойынша оқыту нәтижелерін бағалау әдістемесін ұсыну.

Зерттеудің міндеті:

- Педагогикалық шеберлік пәнінің болашақ мамандарды даярлаудағы маңыздылығын сипаттау;

- «Педагогикалық шеберлік» пәнін жүргізудегі міндеттеріне сай талаптар кешенін айқындау және пәнді игеру барысында күтілетін нәтижелерді бағамдау;

- «Педагогикалық шеберлік» пәні бойынша жүргізілген тәжірибелік жұмыстарды әдістемелік қор ретінде ұсыну.

Зерттеу болжамы. Егер, болашақ педагогтар кәсіби қызметте педагогикалық шеберлікті терең меңгеріп, әдістемелік технологияларды кеңейтсе, онда, жан-жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, педагогикалық қызмет ұрпақтардың

әлеуметтік сабақтастығын жүзеге асыруға, жастарды әлеуметтік байланыстар жүйесіне қосуға ықпал етеді, әлеуметтік тәжірибені игеруде адамның табиғи мүмкіндіктерін жүзеге асыруға көмектеседі.

Әдебиетке шолу. Тәжірибеде осы талаптарға сай мұғалімдер шеберлігі қалыптасып жетіледі. Бұл жөнінде бізге белгілі болып келе жатқан педагогиканың іс – тәжірибесін оқып үйрену арқылы педагогикалық шеберліктерді танып – біліп, олардың іс – тәжірибелерін жаңа жағдайда жаңа форма – әдістермен жандандыра отырып, өз ісімізде басшылыққа алуға тиіспіз.

Мысалы, А.С.Макаренконың М.Горький атындағы, Э.Дзержинский атындағы балалар колониясындағы атқарған педагогикалық шеберлігі «Ұстаздық дастан», «Мұнара үстіндегі тулар» атты еңбектерінде айқын суреттелінген.

Қазақстанда педагогикалық іс-әрекеттің шеберлері Макаренконың педагогикалық шеберлігін қайталаушы Семей облысы «Көкпенті» балалар үйінің директоры Жақия Шайжүнісов, Алматы қаласындағы қиын балалар үйінің директоры – Архимед Мыңбаевтың іс – әрекеттері нағыз шеберліктің үлгісі болады.

Қазір жаңашыл деп атап жүрген бір топ педагогтардың: И.Ф.Шаталов, И.Е. Ильина, Ш.А.Амонашвили, Т.И.Гончаров, С.Н.Лысенкова т.б педагогтардың іс – әрекеттерінен нақты педагогикалық шеберлікті байқаймыз (Жүсіпова, 2011: 316) [2, 316].

Педагогикалық шеберлік мәселесі туралы және педагогикалық шеберлік ұғымына терминологиялық талдау жасаған ғалымдар А.С.Макаренко, В.А. Сухоминский, А.М.Щербаков, Ш. Амонашвили, Ю.Азаров, Н.В.Кузьмина, Ю.К.Бабанский (Есенғұлова, 2007: 56) [3, 56].

Мәселен, Н.В.Кузьмина шеберлікті маманның өз жұмыс жағдайын зерттеп, зерделей білуі, кәсіптік міндеттерін оңтайлы шешу үшін кәсіби біліктілікті, дағды мен білікті меңгеруі деп анықтайды. Ю.К.Бабанский “*мұғалім – кәсіби технологияны еркін меңгерумен, шығармашылығымен бала оқытуда және тәрбиелеуде ерекше шебер*” деп көрсетеді. Сондай-ақ, автор педагог еңбегінің қарапайым қырларын дұрыс талдау және педагогтық оптималды шешім жасау мен оқушының жеке басы сияқты қасиеттерге тоқталады. Н.В.Кухарев мұғалімнің белгілі дәрежедегі педагогтық шеберлігін қарастырудың дұрыстығын айта келіп, оның шеберлігі психологиялық – педагогтік дайындығының жоғары деңгейіне негізделуі шарт дейді. Павлютен-

кованың ойынша, мұғалімнің кәсіби шеберлігін төмендегі компоненттер құрайды:

а) тұлғаның қажеттілік – мотивациялық саласы;

б) операциялық – техникалық саласы (интегралдық бірігу, жалпы арнайы білім мәнділігімен сипатталады);

в) тұлғаның өзін-өзі тануы (Максимова, 2017: 145-146) [4, 145-146].

Педагогикалық шеберліктің компоненттеріне талдау жасап, мұғалімнің кәсіби мәдениеті төңірегінде іргелі еңбектер жазған ғалымдардың қатарында В.А.Сластенин, И.П. Адриани, А.Мижериков, М.И.Ермоленко, В.П. Куравлеваның, А.А. Сидоров, М.В. Прохорова, Б.Д. Синюхин (Каримов, 2010: 225) [5, 225]. Отандық ғалымдардың қатарында Ж.А. Жүсіпова «Педагогикалық шеберлік», А.Н. Каримов «Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері» (Бабаев, 2013: 336) [6, 336], А. Құндақова «Педагогикалық шеберлік негіздері» (Құндақова, 2014: 216) [7, 216], Н. С. Әлқожаева, Қ.Б. Жұмабекова «Педагогикалық менеджмент» (Әлқожаева, Жұмабекова, 2018: 136) [8, 136], және басқада көптеген ғалымдардың еңбектері пәнді игерудегі құндылығы жоғары материалдарды құрайды.

Зерттеу тақырыбымыздың негізгі мазмұндық сипатын аша түсетін және ЖОО педагогінің кәсіби шеберлігін дамытуға бағдарланған А.К. Мынбаеваның «Основы педагогического мастерства» еңбегі жұмысымыздың құндылығын арттырудағы септігі бар. Бұл еңбекте жалпы педагогтардың шеберлігі жөнінен толық теориялық сипаты берілген және практикалық амалдары жіктеліп көрсетілген.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық, психологиялық, философиялық әдебиеттерге шолужасалды. Жалпы педагогикалық шеберлікке қатысты еңбектерге сүйене келе, теориялық негізі ашылды және тиімді әдіс-тәсілдерге талдау жасалды. Сонымен қатар педагогикалық материалдарды саралау, жүйелеу және өңдеу жұмыстары жүргізілді. Педагогикалық шеберлік пәні негізінде тәжірибелік амалдар ұсынылды.

Педагогикалық шеберлік көбінесе мұғалім мен тәрбиешінің жеке басты кәсіби сапасы ретінде қабылданады. Қазіргі заманғы педагогикадағы педагогикалық шеберліктің маңызды критерийлерінің бірі – мектеп оқушыларының

жүз пайыздық оқу үлгерімінен және олардың пәнге деген қызығушылығынан көрінетін мұғалім жұмысының тиімділігі болып саналады, яғни, өзінің педагогикалық кредосын ұстана білсе, мәдени тұғыры биік болса, педагогикалық техникасының нормаға сай болғанда шебер педагог атануына жол ашады.

Демек, осы бір астарлы ойдың түп мазмұны, мұғалімдердің педагогикалық қызметтегі жетістікке жету үшін педагогикалық шеберлікті дамыту, жетілдіру мәселесі қай уақытта да өзектілігін жоғалтқан емес (Максимова, 2017: 145-146) [10, 145-146]. Н.В.Кузьмина педагогикалық шеберлік берілген уақыт ішінде мұғалімнің оңтайлы нәтижеге жетуінен көрінетін педагогикалық іс-әрекеттің ең жоғары деңгейі деп көрсетеді (Жүсіпова, 2011: 18-19) [11, 18-19]. Ал Г.И. Хозяинов осы пікірге ұқсас ұстанымды ұстанады. Ол педагогикалық шеберліктің мәні бастапқы компоненттердің шығармашылық үйлесіміне негізделген және нақты оқыту жағдайында қажетті нәтижелерге жетелейтін педагогикалық іс-әрекетті жоғары деңгейде жүзеге асыруда деп санайды. Сонымен, «Педагогикалық шеберлік» ұғымының белгілі түсіндірмелері оны жеке тұлғаның қасиеттері, білім, білік және дағдылар ретінде, педагогикалық іс-әрекетті жоғары деңгейде жүзеге асырудағы өнер мен шығармашылық ретінде қарастырады (Кошкимбаева, 2019) [12].

Жоғары оқу орындарында педагог мамандарын даярлау мәселесін жетілдіруге бағытталған пәндердің қатарында «Педагогикалық шеберлік» пәні аса қажетті әрі білімділік сипаты айқын деп айтуға негіз бар.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Педагогика және психология» мамандығының оқу бағдарламасына сәйкес жүргізілетін «Педагогикалық шеберлік» пәнінің мақсаты: Болашақ педагог студенттер бойында оқыту мен тәрбиелеудің, өзін-өзі жетілдірудің қажеттілігін қалыптастыру және студенттер бойында психологиялық сауаттылықтың, жалпы педагог мәдениеті мен педагогикалық техниканың дамуына ықпал ету.

Межелеген мақсатқа жету үшін бірқатар міндеттер қойылады, атап айтқанда:

- педагогикалық шеберлік мазмұнын түсіну;
- педагогтың функционалды қызметінің мазмұнын ашу;
- жаңа форматтағы мұғалімге қойылатын талаптарды ұғыну;
- озық тәжірибелерді ендіру;

- педагогикалық мамандықтың перспективалық мүмкіндіктерін көрсету;

- оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологияларын игеру.

Оқу бағдарламасының басты элементтерінің бірі – Оқытудан күтілетін нәтижелер мен (ОН) нәтижесінде қол жеткізу индикаторлары (ЖИ) түзіледі.

Басты күтілетін нәтижелер қатарына:

- пән бойынша алынған білімді түсіну және теорияның мәнін ұғыну, әдіснаманың және тәжірибелік маңыздылықтың мәнін ұғыну;

- педагогикалық үдерісте педагогикалық техника мен шеберлік тұжырымдамасын қалыптастыруға, инновациялық бағытын еңгізуді талдау және дамыту жолдарын қарастыру;

- педагогикалық әдеп, педагогикалық қарым-қатынас стилі, педагог имиджі, кәсібилік перспективалық карта және т.б терең игеру және тәжірибеде пайдалану;

- Педагогтың этикалық концепциясы жөнінен ақпаратты талдау, топта сарамандық жұмыс барысында қарым-қатынас орната білу, өз көзқарасын қорғай білу;

- Кәсіби педагогикалық іс- әрекетті жүйелі түрде ұйымдастыру шеберлігімен қарулану, әдіс-тәсілдерін тәжірибеде қолдану, эрудиция мен құзыреттілік компоненттері жөнінен ақпарат алу және жас маман КЕЙС, КВЕСТ топтамасына ендіру.

Пәнді меңгеру нәтижесінде жоғарыда аталған бірқатар нәтижелердің аясында қол жеткізу индикаторларыда пәннің ішкі мазмұнына және қойылған мақсаттарына орай сабақтасады. Студент педагогикалық шеберліктің құрамдас элементтерінің мәні туралы білім жүйесін қалыптастырады, дәстүрлі және инновациялық педагогикалық технологиялардың ерекшеліктерін игереді. Сонымен қатар, педагогикалық мәдениеттің коммуникативті дағдыларын және педагогикалық қарым-қатынас технологиясын меңгереді. Болашақ мамандар педагогикалық шеберлік компоненттерін жіктеу және оны жетілдіру үшін керекті ақпараттарды, виртуалды әдіс-амалдарды, озық тәжірибелерді, интернет ресурстарды және біліктілікті арттыру жолдары мен нысандарын пайдалана алады.

Пәннің тақырыптық жоспарының мазмұны нақты типтік оқу бағдарламасының мазмұнына және бүгінгі күннің жаңа форматтағы ұстаздың кәсіби әлеуетіне сай құрастырылған. Пән бойынша өтілетін дәрістердің, семинарлар мен СӨЖ тапсырмаларының оқу материалы терең тал-

данып, озық әдістемелер негізінде жүргізілуді қамтамасыз етеді.

Принцип (латын сөзі) – басшылыққа алатын идея, негізгі талап, қағида. Дидактикалық принциптер – оқытудың мазмұнын, ұйымдастыру түрлерін, әдістерін оқытудың мақсаты мен заңдылықтарына сай анықтайтын қағидалар жүйесі.

Оқыту принциптері – мұғалім мен білім алушылардың жұмысын реттеп отыратын ережелер.

Аталған қағидалық ережені басшылыққа ала отырып, пәнді оқыту аясында бірнеше принциптерді атаймыз:

- ғылымилық принцип;

- бірізділік пен жүйелілік принципі;

- оқу материалының реттілік принципі;

- белсенділік пен дербестік принципі;

- көрнекілік принципі;

- теория мен практиканың байланыстылық принципі;

- саналылық принципі (Мыңбаева, Айтбаева, Құдайбергенова, 2016) [13, 62-68].

Білім берудің дәрістік-семинарлық жүйесін тиімді ұйымдастырудың түрлері, дәстүрлі және дәстүрден тыс типологиялары кеңінен қолданылады. Тәжірибемізде кеңінен қолданған дәріс түрлері: пресс-конференция дәрісі, пікір-сайыс дәрісі, зерттеу дәрісі, кері байланысты техниканы қолдану дәрісі, әңгіме дәрісі және т.б. Сонымен қатар, студенттердің оқу материалын тәжірибеде қолдануға машықтандыру және білімді бекіту мақсатында семинар сабақтарын түрлі форматта, заманауи типологияларды негізге ала отырып құрастыруға тырысамыз.

Семинардың типтері, сабақ барысында қолданылатын әдістемелік қордың оқу материалының толыққанды мазмұнын аша түсу керек. Студенттердің белсенділігі, қызығушылығы, ең бастысы оқу материалының жетік меңгергендігін байқататын әдіс-амалдарды шебер қолдану қажеттігін атаймыз.

Коммуникативті қабілеттер балалармен дұрыс қарым-қатынас орнату, бүкіл ұжымның көңіл-күйін сезіну, әр оқушыны түсіну қабілетінде көрінеді, тәжірибелік қор жинақтау мақсатында семинарды жүргізу барысында көптеген жаңа бағыттағы типологиялық элементтер қолданамыз. Атап айтқанда: брифинг, виртуалды экскурс, дебат, шығармашылық квест тапсырмалар, пресс-конференция, маманнан тәжірибелік кеңес, тақырыптық челлендж, педагогикалық-психологиялық бейнефрагмент

талдау, бақылау тапсырмалары, ойын әдісі, синквейн, көрме, шағын зерттеу жоба қорғау т.б.

Аталған сабақтың типологияларына сай түрлі тиімді әдіс-амалдарды қолданып, пән бойынша өткен бірнеше сабақты тәжірибемен бөлісу мақсатында ұсынамыз.

Экспериментке қатысқан топтар:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Педагогика және психология» мамандығының 4 курс студенттері және «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3 курс студенттері.

Эксперименттік топтардың құрамында: «Педагогика және психология» мамандығы бойынша 21 студент, ал «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша 24 студент.

Эксперимент жұмысының алғашқы кезеңінде студенттерге бірқатар дискуссиялық сауалнама дайындалып, бүгінгі күні педагог мамандарының кәсіби шеберлігі талқыланды.

Сауалнамаға сұрақтары :

1. Педагогикалық шеберлікті дамытудың қажеттілігі неде?

2. Педагогикалық шеберліктің құрамды бөліктері?

3. Педагогикалық имидж, педагогикалық такт мәселелері?

4. Педагогтың сөйлеу мәдениетінің маңыздылығы.

5. Педагогикалық қызметтегі актерлық шеберлік пен режиссерлық элементтер.

6. Педагогикалық шеберлікті дамытудың жаңа бағыттары, нано-технологиялары?

7. Педагогикалық қарым-қатынас түрлері.

8. Педагогтың әдістемелік қоры, дамыту жолдары.

9. Оқытушының медиаресурстарды қолданудағы әдістемелік базалары.

10. Педагогикалық техника.

Сауалнама жүргізу барысында студенттер өз ойларын ашық жеткізе білді және қазіргі кезеңде педагогикалық шеберлікті дамытуға бағытталған әдістемелік қордың аздығын байқатты. Осы мәселені негізге ала отырып, болашақ педагогтардың аталған тақырыптарға сай білімдерін жетілдіріп, сабақта жаңаша әдістемелерді қолдануға тырыстық.

Сауалнама сұрақтары бойынша студенттердің педагогикалық шеберліктің педагогикалық қызметтегі қажеттілігі маңыздылығын атап өтті. Педагогикалық шеберлікті дамыту жолдарын, теориялық білімдерін анықтау мақсатында сауалнама сұрақтары дайындалды. Сонымен

қатар, педагогикалық шеберлікті жетілдіруге байланысты қойылған сұрақтар қатары қамтылды. Сауалнама барысында студенттер педагогтың шеберлігін дамытуға арналған әдістемелік қордың аздығын және жеткіліксіз дәрежеде қамтылғанын айқын атап өтті. Мәселен, педагогикалық шеберлікті дамытудың жаңа бағыттары, нано-технологиялары сұрағы бойынша студенттер оқыту технологияларының заманауи бағдарламалары жөнінен ақпараттың аздығын көрсетті.



1-сурет – Педагогикалық шеберлік маңыздылығы. (Педагогика және психология мамандығы мысалында)

Сауалнама нәтижесі бойынша студенттердің педагогикалық шеберліктің маңыздылығын құрайтын компоненттер, педагогикалық имидж, такт, жалпы мәдени параметрлері бойынша теориялық білімдері балдық (10 б.) көрсеткішпен тексерілді.

Сауалнама нәтижесі. Педагогикалық қызметте педагогикалық шеберлік маңыздылығын айқындағандар -58%;

Педагогикалық шеберліктің бағыттары мен компоненттері бойынша әдіс-тәсілдердің меңгеру деңгейі- 25%;

Педагогикалық шеберліктің компоненттері медиаресурстарды қолдана алу көрсеткіші-20% құрады (1-сурет).

Сауалнама қорытындысы бойынша «Педагогикалық шеберлік» пәні барысында студенттердің педагогикалық шеберлікті дамытуға бағытталған бірнеше жаңа әдіс-тәсілдерді үйретіп, іс жүзінде қолдануды жоспарладық (1-кесте).

Жалпы дәрістердің теориялық және әдістемелік негіздерін ғылыми тұрғыда сипаттау, негізгі ұғымдарын, құрылымдық моделін түсіндірумен қатар, олардың практикалық маңыздылығын айқындауды негізгі аспектіге аламыз. Демек, студенттердің білімді терең игеріп, болашақта өз тәжірибелерінде қолдана білу икемдігін дамыту үшін семинар сабақтарының тәжірибелік бағыты басымрақ болуы шарт деп есептейміз. Сонымен қатар, студенттерге әдістемелік қор жинақтауға мол мүмкіндік туғызады.

1-кесте – «Педагогикалық шеберлік» пәні бойынша өткен сабақтардың жаңа типтік элементтері. (Педагогика және психология мамандығы мысалында)

№	Дәріс тақырыбы	Өтілген күні	Сабақ типі	Әдістемелік қор
3-Т	Мұғалімнің жалпы және кәсіби мәдениеті	10.02.2021 ж.	Т: Семинар ТЭ: Виртуалды экскурс	Отандық және шетелдік үздік «Педагогикалық шеберхана» интернет порталындағы шеберлік сыныптар панорамасы ұсынылды. /Республикалық «Ұстаз» және «Өрлеу» Біліктілікті арттыру орталығының әдістемелік қоры негізінде
5-Т	Педагогикалық қызметтегі актерлық шеберлік және режиссерлік элементтер	24.02.2021 ж.	Т: Семинар ТЭ: Тақырыптық бейнечеллендж	Актерлық шеберлікті сомдайтын өлең үзінділерін оқу. Топтық бейнеролик жолдау. Сабақ жоспарының сценарий үлгісін ұсыну
7-Т	Педагогикалық техника	03.03. 2021ж.	Т: Семинар-практикум ТЭ: Маманмен сұхбат	Құрманғазы атындағы ҚҰ консерваториясының аға оқытушысы, Ұлағатты Ұстаз төсбелгісінің иегері, Өнертану ғылымдарының магистрі, «Педагогикалық шеберлік-өнер ретінде» элективті курс авторы Э. Ж. Карабалинамен сұхбат. Тәжірибелік амалдар, жаттығулар ұсыну.



Республикалық «Ұстаз» және «Өрлеу» Біліктілікті арттыру орталығының әдістемелік қорындағы психологиялық тренингтерді ұйымдастырудағы шеберлік сыныптар класстері. (online форматындағы виртуалды экскурс, сайттар мен YouTube арқылы)

Тақырыптық бейнечеллендж. Педагог қызметіндегі актерлық шеберлікті сомдайтын педагогикалық оқулар, өлең үзінділерін оқу. Тілдік норма, сөйлеу әдеби мен мәнері негізге алынды

Құрманғазы атындағы ҚҰ консерваториясының аға оқытушысы, Ұлағатты Ұстаз төсбелгісінің иегері, Өнертану ғылымдарының магистрі Э. Ж. Карабалинаның педагог қызметіндегі актерлық шеберлікті дамытуға және педагогикалық техниканы жетілдіруге бағытталған тәжірибелік амалдар мен жаттығулар ұсыну кезеңі.

2-сурет – «Педагогикалық шеберлік» пәні бойынша жүргізілген семинарлардың фрагменті

Өтілген сабақтардың фрагменттік сюжетін ұсына отырып, қандай жетістікке қол жеткізуге және әдістемелік қор жинақтаудағы нәтижелілікті ұсынамыз.

«Мұғалімнің жалпы және кәсіби мәдениеті» тақырыбында жүргізілген семинар сабағы виртуалды экскурс түрінде ұйымдастырылды. Студенттерге алдын ала сайт сілтемесіне

кірігу арқылы бірнеше үздік шеберлік сыныптары ұсынылды. Сонымен қатар, педагогтың кәсіби мәдениетіне қатысты кездесетін артықшылықтар мен кемшіліктерді бейнелейтін сюжет кескіндемесі ұсынылып, жалпы топтық талқыға салынады. Мұндағы болашақ мамандар педагогтың кәсіби міндеттеріне қойылатын талаптары мен тәжірибелік амалдармен та-

ныса отырып, оларды түзету жолдарын да қарастырады.

«Актерлық шеберлік және режиссерлік элементтер» тақырыбындағы практикалық челленджді ұйымдастыру болашақ мамандардың актерлық шеберліктің педагогикалық қызметтегі ролін сезінуге, педагогикалық артистизм деңгейлерін анықтауға, режиссерлық элементтерді қолдану мүмкіндіктерін пайдалануға жетелейді. Сонымен қатар, тәжірибеде келтірілген педагогикалық оқуларды ұйымдастыру арқылы эстетикалық талапқа, тақырыптық мазмұнның образын табуға, сөйлеу мәнеріне, сөз көркемділігі және тіл тазалығына машықтануға баулиды.

«Педагогикалық техника» болашақ педагогтардың негізгі құралы ретінде деп тануға болады. Педагогтың жұмысы тиімді болу үшін керекті шарт-педагогикалық техниканы жақсы меңгеруі. Педагогикалық техника педагогикалық шеберліктің ажырамас құрамды бөлігі, себебі, педагог оқушыларға ықпал ете отырып, оларға өзінің ой-пікірлерін, сезімдерін жеткізуге талпынады.

Белгілі ғалым И.Е. Синицаның пайымдауынша, педагогикалық техника – мұғалімнің өзін-өзі басқара алуы, педагогтың бойындағы тәрбиеленушілерге ықпал жасайтын икемділіктер кешені.

Көптеген педагогикалық еңбектерде «педагогикалық техника» ұғымына терминологиялық анықтама беріледі. Жалпы негізгі сипаты бойынша педагогикалық техника — жеке балаға, сондай-ақ тұтас ұжымға тәрбиелік әсер етуге таңдаған әдістемелерді жүзеге асыратын білім, шеберлік, дағдылардың жиынтығы делінген.

Қ. Қалдарова: «Педагогикалық техника педагогикалық шеберліктің басты көрінісі» деп педагогикалық техниканың құрылымдық элементтеріне тоқталса, А. Гин өзінің «Приемы педагогической техники» еңбегінде педагогтардың педагогикалық техника тәсілдерін қолданған педагогтардың іс тәжірибелерінен мысалдар келтіріп, ұсынады. Сонымен қатар педагогикалық техниканың құралымдық сипатының жіктелу үлгісін ұсынады:

- өз денесін басқара алу шеберлігі;
- өзінің эмоционалды жағдайын басқара алу шеберлігі;
- әлеуметтік перцепция;
- сөйлеу техникасы

Пәннің тақырыптық жоспарына енген педагогикалық техника тақырыбы аса қажетті

теориялық оқу материалын меңгерумен қатар, тәжірибелік амалдарды игеруге бағытталады. Осы ретте, болашақ педагог мамандарын даярлауда педагогикалық техника тақырыбы бойынша жүргізілген маманмен сұхбат типі өзіндік құндылығымен айшықтала түсті деп ойлаймыз. Сабаққа арнайы маман шақырылып, тақырып аясында педагогикалық тәжірибесімен бөлісу көзделді. Себебі, бұл қолданған әдіс арқылы сабақтың практикалық құндылығы арттырылады. Семинар барысында маман педагогикалық техниканың негізгі талаптарына тоқтала келе, синхронды түрде мысалдар келтіріп, түзетуге арналған әдістемелік қор ұсынылуында болды. Өтілген сабақ барысында Э. Карабина тартымды педагогикалық имидждің моделін, эмоционалды тартымдылық және эмоцияны реттеуге арналған жаднама, ауыз-қуыс акустикасына және мимика эстетикасына арналған жаттығуларды көрсетті.

«Педагогикалық шеберлік» пәнін оқыту барысында дәріс тақырыптары, семинар тапсырмалары, қолданылатын әдістері озық технологияларға негізделеді және күтілетін нәтижелерге сәйкес келеді. Студенттердің білім деңгейі мен шығармашылық белсенділігін арттырудағы «Педагогикалық шеберлік» пәні білім мен оқу ақпаратын қабылдауын дамытуға ықпал ете отырып, педагогикалық қызметінде пайдалануға мүмкіндігі зор деп айта аламыз.

Сонымен, «педагогикалық шеберлік» пәні бойынша жүргізілген сабақтың жаңа типтері, әдіс-тәсіл, құралдары студенттердің оқу жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді. Ұсынылған әдістемелік қор студенттердің оқу жетістіктерін бағалауға, оқу үдерісін жақсартуға, білім сапасын арттыру мен қажетті тәжірибелермен қамтамасыз етуге бағдарланады.

Қорытынды

Педагогикалық шеберлік пәнін өткізу барысында студенттердің пәнге қызығушылығын, шығармашылық белсенділіктің артуын байқатты. Пәнді игеруге бағытталған жаңаша тиімді әдістемелер студенттердің педагогикалық шеберлікті меңгеру үдерісінде оңтайлы нәтижесін көрсетті. Педагогикалық техниканың сатыларын, оларды тәжірибеде қолдану механизмдерін, технологияларын жанарту, ізгілендіру жұмыстары көрсетілді.

Зерттеу жұмысының нәтижелері келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

- Педагогикалық шеберлік пәнінің болашақ педагог мамандарын даярлаудағы маңыздылығын сипаттау арқылы педагогикалық шеберлікті меңгерудің түрлі аспектілері негізінде қарастырылды және педагогикалық қызметтің басты элементі ретінде нақтыланды;

- «Шеберлік», «Педагогикалық шеберлік», «Педагогикалық техника» ұғымдары нақтыланды. Сонымен қатар, «Педагогикалық шеберлік» пәнін жүргізудегі міндеттеріне сай талаптар кешені айқындалды және пәнді игеру барысында күтілетін нәтижелері түзілді;

- кәсіби педагогикалық іс- әрекетті жүйелі түрде ұйымдастыру шеберлігі практикалық негізде көрсетілді және зерттеу барысында қолданған әдіс- тәсілдердің болашақ маман тәжірибесінде қолдануға ұсынылды.

- Зерттеу жұмысының практикалық құндылығы ретінде инновациялық әдістер ұсынылды.

Зерттеу жұмысының қорытындылау кезеңінде студенттердің ең әуелі пәнге деген қызығушылығы арта түсті. «Ашық алаң» әңгімелесу барысында студенттер болашақта аталмыш

әдістемелерді кеңінен тәжірибелерінде қолданып, одан әрі дамытатындықтарын үлкен ыждахатпен айтты. Сонымен қатар, эксперимент кезеңінің бастапқы нәтижесіне қарағанда студенттердің педагогикалық шеберлікті игеруге жаңаша әдіс-амалдарды қарастыруға, заманауи үлгілерді қабылдауда талпысытарын көрсете білді. Сабақ барысында студенттер өзбетінше ізденіп, іргелі ғалымдардың әдістемелерімен танысып, авторлық әдістер жинақтауға тырысты.

«Педагогикалық шеберлік» пәнінің тиімділігін арттыру мақсатында студенттер соңғы семинар сабағында «Менің педагог ретіндегі имиджім», «Педагогикалық такт өлшемдері», «Педагогикалық артистизм деңгейлері», «Педагог-этика эталоны», «Заманауи мұғалімнің педагогикалық шеберханасы» тақырыптарында брифинг-эссе қорғап, өздерінің ойларымен бөлісті.

Сонымен, «Педагогикалық шеберлік» пәні бойынша оқыту және оқыту нәтижелерін бағалау критерийлерін ұсынамыз (2 кесте):

2-кесте – «Педагогикалық шеберлік» пәні бойынша оқыту және оқыту нәтижелерін бағалау критерийлер

Жұмыс формасы	Талаптар	Баллдарға негіздеме
Ауызша орындауға арналған тапсырмаға қойылатын талаптар	1. Аудиторияда РРТ ауызша презентациялары үшін 2. 10 мин 3. айқындық, 4. дәйектілік; 5. аудиториямен байланыс; сұрақтарға жауап бере білу.	1. барлық талаптар орындалғанда – 10 балл 2. критерийлердің 5 көрсеткіші орындалғанда 8 балл 3. критерийлердің 4 көрсеткіші орындалғанда 6 балл 4. критерийлердің 3 көрсеткіші орындалғанда 4 балл 5. критерийлердің 2 көрсеткіші орындалғанда 2 балл 6. критерийлердің 1 көрсеткіші орындалғанда 1 балл түсініксіз хабарлама, дәйектіліктің болмауы; аудиториямен байланыстың болмауы; сұрақтарға жауап беру және жауап беру қабілетінің болмауы сабаққа дайындықсыз келуі 0 балл
Жазбаша жауаптар мен баяндамалар үшін	1. Көлемі: 2500 сөз. 2. Нақты құрылым; 3. логикалық дәйектілік; 4. жүйелік тәсіл, 5. дәлелдеу әдебиеттер тізімі	1. барлық талаптар орындалғанда – 10 балл 2. критерийлердің 5 көрсеткіші орындалғанда 8 балл 3. критерийлердің 4 көрсеткіші орындалғанда 6 балл 4. критерийлердің 3 көрсеткіші орындалғанда 4 балл 5. критерийлердің 2 көрсеткіші орындалғанда 2 балл 6. критерийлердің 1 көрсеткіші орындалғанда 1 балл критерийлер орындалмағанда 0 балл
Эссе жазуға қойылатын талаптар	1. тақырыптың әртүрлі анықтамалары мен теорияларын талдау және салыстыру қабілеті; 2. дәлелдердің анықтығы, 3. дәйектілігі, 4. түпнұсқалығы, 5. дәйексөз дұрыстығы; Ерекшелігі (оригинальность) – 70%	1. Талаптар орындалғанда 10 балл 2. Берілген тақырыптың әртүрлі анықтамалары мен теорияларын кішігірім қателіктермен, анық емес дәлелдермен, кейбір сәйкессіздіктермен, дәйексөздердегі кішігірім қателіктермен – 5 балл 3. Тақырыпта әртүрлі анықтамалары мен теорияларын талдау және салыстыру мүмкін еместігі 3 балл орынсыз дәлелдер, дәйектіліктің болмауы, дұрыс емес дәйексөз – 0 балл

Жұмыс формасы	Талаптар	Баллдарға негіздеме
Шығармашылық жұмыстарға арналған талаптар	<ul style="list-style-type: none"> • жұмыстың формасы, құрылымы; • Мәселені шешудегі оңтайлылығы, дәйектілігі; • Креативтілік; • Практикалық тиімділігі мен сәйкестілігі • әдістемелік ұсыныс 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Талаптар толық орындалғанда – 10 балл 2. Шығармашылық шешім бар, бірақ мәселе шешу деңгейі жеткіліксіз- 8 балл; 3. Креативтілік деңгейдің авторлық шешімі болмаса- 6 балл; 4. Практикалық тиімділігі мен сәкестігі, әдістемелік ұсыныстардың болмауы-4 балл; 5. Орынсыз дәлелдер, дәйектіліктің болмауы, дұрыс емес дәйексөз, шығармашылық ұстаным болмауы – 0 балл

Студенттер пәнді игеру нәтижесінде кәсіби құндылықтарды түсініп, бірқатар құзыреттіліктерді қалыптастырғанын байқадық, атап айтқанда:

- педагогикалық шеберлік компоненттерін жіктеп, оны жетілдіру жолдарын айқындай алды;
- алған білімдерін тәжірибеде қолдану дағдыларын көрсете білді (семинар барысында);

- Заманауи білім беру сұранысына сай педагогикалық шеберлікті дамытуға бағытталған медиабағдарламаларды демонстрациялай алды;

- Педагогикалық имиджелогия, педагогикалық мәдениет, педагогикалық такт, педагогикалық техника тақырыптары аясында теориялық білімдерін тереңдетіп, өз позицияларын қорғай білді.

Әдебиеттер

- 1 Педагог мәртебесі туралы «Қазақстан Республикасының Заңы, 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ. – Нұр-Сұлтан, 2019.
- 2 Жүсіпова Ж. А. Педагогикалық шеберлік. Оқулық. Алматы, 2011.- 316 бет
- 3 Есенғұлова М.Н. Студенттердің қарым – қатынас мәдениетін қалыптастыруда халықтық педагогика идеяларын пайдаланудың педагогикалық шарттары. Пед. ғыл.кан. ...дисс. Түркістан 2007 ж. 57б.
- 4 Максимова Г. И. Педагогическое мастерство современного педагога // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2017. – Т. 11. – С. 145–146.
- 5 Каримов А.Н. Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері. –Алматы: Қазақ университеті, 2010. -225б.
- 6 Бабаев С.Б. Тұлғалық педагогика. Педагогикалық теория негіздері. –Алматы: “NURPRESS” баспасы, 2013. -336 б.
- 7 Құндақова А. Педагогикалық шеберлік негіздері. Оқу құралы. –Алматы: Бастау, 2014 ж. 216 б.
- 8 Әлқожаева Н.С., Жұмабекова Қ.Б. Педагогикалық менеджмент. Оқу құралы. -2 бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. 18-19 бб.
- 9 Мынбаева А. К. Основы педагогического мастерства: Курс лекций и тренинги- Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 216 с.
- 10 Максимова Г. И. Педагогическое мастерство современного педагога // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2017. – Т. 11. – С. 145–146
- 11 Жүсіпова Ж. А. Педагогикалық шеберлік. Оқулық. Алматы, 2011.- 316 бет
- 12 Кошкимбаева Ж.С. Ғылыми мақала. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі-нәтижеге бағытталған білім беру негізі. Алматы, 2019.
- 13 Мынбаева Ә.Қ., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері. Оқу құралы. Алматы «Қазақ университеті» 2016.

References

- ‘Pedagog martebesi turaly’ Qazaqstan Respublikasın Zany (2019). 2019-27 zheltoksandagı № 293-VI QRZ [The Law of the Republic of Kazakhstan “On the status of a teacher”] (In Kazakh)
- Jüsipova, J. A. (2011). Pedagogikalık sheberlik [Pedagogical skills]. Almaty, 316 p. (In Kazakh)
- Esegulova, M.N. Studentterdin qarym – qatynas mädenietin qalyptastyruda halyqtyq pedagogika idelaryn paidalanudyn pedagogikalık jartary [Pedagogical conditions for the use of ideas of folk pedagogy in the formation of a culture of communication of students]. Ped. gyl.kan. ...diss. Türkistan 2007. 57 p. (In Kazakh)

Maksimova, G. I. (2017). Pedagogicheskoe masterstvo sovremennogo pedagoga [Pedagogical mastery of the modern pedagogue]. *Konsept [Concept]*. V 11. P. 145–146. (In Russian)

Karimov, A.N.(2010). Pedagogikalyk kyzmet jane pedagogikalyk sheberlik negizderi [Basics of pedagogical activity and pedagogical skills]. Almaty: Qazaq universiteti, 225 p. (In Kazakh)

Babaev, S.B. (2013) *Tulgalyk pedagogika. Pedagogikalyk teoriya negizderi [Personal pedagogy. Basics of pedagogical theory]*. Almaty, NURPRESS, 336 p. (In Kazakh)

Kundakova, A. (2014). *Pedagogikalyk sheberlik negizderi. Oqu quraly [Basics of pedagogical skills. Textbook]*. Almaty, Bastau, 216.

Algozhaeva, N.S., Zhumabekova, Q.B. (2018). *Pedagogikalyk menedjment. Oqu quraly [Pedagogical management]*. Almaty, Qazaq universiteti, 18-19 p. (In Kazakh)

Koshkimbaeva, J. S. (2019). *Gylymi maqala. Mugalimnin kasibi quzyrettiligi-natijege bagyttalghan bilim beru negizi. [Scientific article. Teacher professional competence is the basis of results-oriented education]*. Almaty. (In Kazakh)

Jusipova, J. A. (2011). *Pedagogikalyk sheberlik [Pedagogical skills]*. Almaty, 316 p. (In Kazakh)

Mynbayeva, A.K, Aitbaeva, A.B, Kudaibergenova, A.M.(2016) *Jogary mektep pedagogikasy negizderi. Oqu kuraly [Basics of high education pedagogy]*. Almaty, Kazak universiteti. (In Kazakh)

Mynbayeva, A.K. (2015). *Osnovy pedagogicheskogo masterstva: Kurs lektsiy i treningi [Fundamentals of pedagogical skills: a course of lectures and trainings]*. Almaty, Kazak universiteti. 216 p. (In Russian)